



2-бет



3-бет



8-бет

Агробрендтің берік негізі

Агросалада серпіліс бар. Соның бір айғағы – ауыл өнімінің сауда нарығына шығуы. Онымен қоса, құнары мол картоп пен Арқа даласының ет өнімі сырт елге экспортталып жатыр. Бір айтары – аймағымызда ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап, оны терен өңдеуге дейінгі тұтас өндірісті толығымен жолға қойған кәсіпорындар бар.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нәтижелі «Нәтиже»

Солардың бірі – сапа көрсеткішімен көш бастаған қарағандылық бренд «Нәтиже» сүт өнімдері кәсіпорны. Бүгінде бұл атау тек Қарағанды үшін ғана емес, еліміздің басқа да аймақтары үшін сапа мен сенімділіктің белгісіне айналды.

Сүт зауыты өз жұмысын 1999 жылы бастаған. Алғашқы кезде кәсіпорын өнімдерін «Балқашсүт» атауымен нарыққа ұсынған еді. Алайда 2003 жылы компания өз жолын жаңа бағытта жалғастырып, «Нәтиже» атты жеке брендин қалыптастырды. Бұл атау зауыттың басты қағидатын – адал еңбек пен таза өнім арқылы нақты нәтиже көрсету



ұстанымын білдіреді.

«Нәтиже» өнімдерінің ерекшелігі – олардың табиғилығында. Мұнда ешқандай консервант қолданылмайды, сақтау мерзімі де тым ұзақ емес,

себебі өнімнің экологиялық тазалығы басты назарда. Сүт тек жергілікті фермерлерден қабылданады. Сиярлар құнары жайылымда жайылады. Таза бұлақ суын ішеді.

Сондықтан да, «Нәтиже» өнімдері табиғи дәмін жоғалтпай, тұтынушының дастарқанына табиғи қалыпта жетеді.

Кәсіпорын үнемі жаңғыру үстін-



де. 2011 жылы атақты швейцариялық «Tetra Pak» компаниясының жоғары өнімді жабдықтары орнатылып, сүтті қайта өңдеу цехы толық жаңартылды. Бұған қоса, италиялық технологиялар енгізіліп, өндіріс процесі толықтай автоматтандырылды.

Зауыттағы заманауи гомогенизаторлар мен сепараторлар өнімнің сапасына әсер етеді. Мәселен, пастеризация қондырғысы сүттегі зиянды бактерияларды 85 пайызға дейін жояды, ал, гомогенизатор сүттің біркелкілігін сақтап, май түзілімдерінің бөлініп қалмауын қамтамасыз етеді. Осылайша, айран, қатық, сүзбе сияқты өнімдердің дәмі мінсіз болады.

Кәсіпорында сүт қабылдау мен өңдеу жүйесі нақты ғылыми негізде құрылған. Әрбір сүт көлігіндегі басты өнімнен арнайы сынамалар алынып, зертханада тексеруден өтеді. Мұнда өнімнің майлылығы, тазалығы, қышқылдығы анықталып, санитарлық талаптарға сәйкестігі расталған соң ғана өндіріске жіберіледі.

Цехтағы процестердің басым бөлігі компьютер арқылы бақыланады.

➤ 4-бет



Көп күткен қуаныш

Нұрлы Нұра өнірінің Қантай ауылында орталықтандырылған су жүйесі іске қосылды. Бұл – қантайлық тұрғындар үшін көптен күткен қуанышты жаңалық. Сөз болып отырған жоба ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық қадам болып есептеледі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қантайға су құбырын жеткізу үшін ұзындығы 7 900 метр желі тартылып, 68 су тарту ұңғымасы орнатылды. Сонымен қоса, сыйымдылығы 25 текше метр су мұнарасы мен бірінші көтергіш сорғы станциясы салынды. Сөйтіп, мұндағы әрбір отбасы таза әрі сапалы ауыз суды пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Су жүйесінің іске қосылу рәсіміне аудан әкімі Бақытжан Мұқанов қатысып, ауыл тұрғындарын жаңа әлеуметтік нысанның сәтті аяқталуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысы ауылды дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ерекше назар аударып келеді. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесі – Қантайдағы қуанышты оқиға. Таза ауыз су – адам өмірінің негізі, денсаулығы мен тұрмыс жағдайының кепілі. Бұл жоба – тұрғындардың әл-ауқатын арттырудағы маңызды қадам, – деді Бақытжан Мылтықбайұлы.

Таза су құбыр арқылы келуін қантайлықтар зор қуанышпен қарсы алды.

– Бұрын ауыз суды алыстан тасымалдауға тура келетін. Әр үйге су кіргізілгеннен бері тұрмысымыз әлдеқайда жеңілдеді. Тіршілігімізге қолайлы жағдай жасап, таза су жеткізген барша адамдарға алғысымыз шексіз, – дейді Қантай ауылының тұрғындары.

Парасатты бизнес парқы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық», – деген болатын. Демек, «Өңір өміріндегі сандық сананың серпілісі қандай деңгейде?» дейтін сауал өздігінен сұранатыны анық. Әсіресе, шағын және орта бизнес шеңберіндегі ахуал күннен-күнге өзекті бола түсті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Digital дәуір

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев заманауи бағыттағы жүйелі жұмысты жалғастырып, өңірдің бар тірнекті тіршілік салаларына цифрландыру мен жасанды интеллект тетіктерін мейлінше ұтымды негізде қамдап енгізуді қамтамасыз етуді тапсырған еді. Құзыретті мекемелер өкілдеріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту бойынша бірінші тапсырмамен «Азықтүлік бағаларына мониторинг» жобасы сәтімен жүзеге асты. Аукымды шығармау қажеттігін де бір мәрте еске салды.

Арқа аймағы сандық шешімдерді әсте-әсте көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, денсаулық сақтау және білім беру сияқты маңызды салаларға күрмей бастағаны ақпарат айдынында да, күнделікті өмірімізде де қылаң бергенді. Байыпты бастамалар аймақтың инфрақұрылымын едәуір жақсартып, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға таптырмас игілік. Задында әлеуметтік салада айтарлықтай жетістіктер жоқ емес. Ә деген шақта нейрондық желінің заманбап ерекшеліктерін пайдалана отырып, «Азықтүлік бағаларына мониторинг» жобасы сәтімен жүзеге асты. Аукымды шығармау қажеттігін де бір мәрте еске салды.

мына тұрақты бақылау жүргізуге оң ықпал етіп, өз кезегінде қаймана халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, сәт сайынғы бағаның негізсіз өсуін болдырма-

уға септеседі. Облыстық әкімдіктің баспасөз қызметі өкілдерінің хабарлауынша, мұндай цифрландыру шаралары өндірісті өлкенің экономикалық және әлеуметтік



Қолданыстағы жасанды Арқа аймағы

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

Қауіпсіз қалаға айналады



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қарағанды облысы әкімдігінің мәлімдеуінше, өңірде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған цифрлық технологияларды енгізу жалғасуда. Соның нәтижесінде Саран қаласында заманауи Жедел басқару орталығы ашылды. Орталықтың ашылу салтанатына Ішкі істер вице-министрі Сәкен Сәрсенов қатысты.

Жаңа орталықтың бірыңғай жүйесіне 613 бейнебақылау камерасы (қоғамдық орындарда орнатылған) және 24 білім беру мекемесіндегі 307 камера қосылған. Тәулік бойы жүргізілетін бақылау полицияға құқықбұзушылықтар мен төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бұл бастама – «Заң және тәртіп» қағидатын іске асырудың және өңірдегі қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттырудың маңызды бөлігі.

– Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде жасанды интеллект жүйелерін дамыту – ішкі істер органдарының стратегиялық бағыттарының бірі. Ең бастысы, бұл технологиялар құқықбұзушылықтың алдын алу мен азаматтардың қауіпсіздігін қорғауға нақты қызмет



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

етуі тиіс, – деді Сәкен Сәрсенов.

Саран қалалық полиция бөлімі бастығының орынбасары Арман Ахметовтің айтуынша, орталық іске қосылған уақыттан бері 10 қылмыс ашылып, 5000-нан астам құқықбұзушылық фактісі анықталған.

– Полиция қызметкерлері тәулік бойы оқу орындарында, өн-

діріс аймақтарында және қоғамдық орындарда жағдайды бақылап отырады. Бұл профилактикалық, әрі жедел әрекет ету шараларының тиімділігін айтарлықтай арттырды, – деп атап өтті ол.

Вице-министр бейнебақылау жүйесін кеңейту және жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған камераларды адамдар

көп шоғырланатын нысандарға орнатуды жалғастыруды тапсырды.

Осылайша, жаңа орталық облыста қауіпсіздікті «ақылды технологиялардың» дамуына нақты үлес қосты және полиция жұмысының тиімділігін арттыруға жол ашты.

Өз тілшімізден

Әр қадам – өзгеріс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасы – жаңа экологиялық сана қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс. Осыған орай, облыс мектептерінде «Бөл, тапсыр, қайта өңде!» экологиялық жобасы жалғасуда.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама мақсаты – жас ұрпақтың табиғатқа жанапшырлығын қалыптастыру, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап жинау мәдениетін кеңінен насихаттау және экологиялық сауаттылықты арттыру. Парасатты жоба Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бастамасымен жүзеге асырылуда. Айталық, 3-5 қараша күндері экология және табиғатты пайдалану саласының мамандары Шахтинск мен Саран қалаларының мектептерінде интерактивті дәрістер мен ашық сабақтар лебін өткізді. Бүгінде дейін облыстың 30 мектебінен шамамен 1500 оқушы қатысып үлгерген.

– Ендігіде біз таза қала өзімізден басталайыны нақты білеміз! Біз – бір командамыз, әрі Шахтинск шаһарын саф тазалықтың өзгеше үлгісіне айналдыру қолымыздан келеді, – дейді С.Сей-



фуллин атындағы гимназияның 8-сынып оқушысы Ангелина Положаева. – Демек, экологияны қорғауға сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де әрекет етеміз!

Сабактар легінің барысында жасөспірімдер қалдықтар айналымы, оның қоршаған ортаға әсері мен қайта өңдеудің экономика мен экология үшін берер пайдасы туралы қажетті мағлұмат алды. Іс-тәжірибелік бөлімге де ерекше көңіл бөлінген. Оқу орындарында қалдықтарды бөлек жинау жүйесі

енгізіліп, оқушыларды экологиялық бастамалар мен еріктілікке тарту жұмысы әлі де жүргізілу үстінде.

– «Бөл, тапсыр, қайта өңде!» жобасы мектеп оқушыларына қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараудың маңызын түсіндіруді мақсат етеді. Себебі, дәл осы жас ұрпақ ертеңгі күні таза әрі жасыл Қазақстанды қалыптастырады, – дейді ұйымдастырушылар.

Жоба аясында жас шәкірттер қауымына табиғатты аялау мә-

дениетін ерте жастан сіңіру, тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау дағдысын дамыту, жеке үлестің маңызын ұғындыру әрі қайта өңдеу саласының әлеуетін таныстыру көзделген. Бастама «Таза Қазақстан» ұлттық жобасының маңызды бөлігі ретінде экологиялық білім мен мәдениетті дамытудың тиімді құралына айналуға

ШАХТИНСК

Сурет ұйымдастырушылардан

Әркімге ортақ міндет

Балқаш қаласында шаһар мен оған іргелес елдімекендерді тазарту жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатыр. Биылдың өзінде коммуналдық қызметтер 12 мың тоннадан астам тұрмыстық қалдықты шығарып, ондаған жаңа контейнер аландарын орнатты. Сондай-ақ, көше бойындағы урналар жанартылып, заманауи контейнерлер орнатылуда.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізгі тазарту жұмыстары «Қоңырт» мөлтекауданынан шамамен сегіз шақырым жерде жүргізілді. Мұнда жалпы аумағы 15 мың шаршы метр жер тазартылып, бас-аяғы 11 мың тонна қоқыс шығарылды. Қала аумағында жиналған 800 тонна қалдық полигонға жөнелтілді. Ал, Торанғылық кентінде төрт гектар аумақ тазартылып, 300 тонна қоқыс шыға-



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

рылды. Анықталған рұқсатсыз полигондарға байланысты тазарту жұмыстарына тағы бір мердігер ұйым тартылды.

– Рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою – бұл жүйелі жұмыстың бір бөлігі ғана. Біздің басты мақсатымыз – ластанған аймақтарды тазартып, жаңа қоқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеу. Біз абаттандыру және санитарлық тазалау шараларын үздіксіз жалғастырып келеміз. Сондай-ақ, тұрғындарды заңсыз қоқыс тастау фактісі орын алған

мезетте, бірден атқарушы органдарға хабарлауын өтінеміз, – деді Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Берік Бекмағамбетов.

Коммуналдық қызметтер тек тазалық жұмыстарымен шектелмей, қалдықтарды жинау инфрақұрылымын да жаңғыртуды қолға алған. Бүгінде қала бойынша 58 жаңа контейнер аланы салынып, 275 мырышталған контейнер орнатылды. Ескі урналарды



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

алмастыру үшін 377 металл урна сатып алынды. Қаланың орталық көшелері мен қоғамдық орындарына 170 жаңа урна орнатылды.

Сонымен қатар, 280 литрлік 140 маусымдық пластикалық контейнер сатып алынды. Олар жаз айларында қалалық жағажайда, жағалауда, Balkhash TourFest-2025 фестивалі өтетін алаңда, сондай-ақ, Шұбартүбек пен Торанғылық кенттерінде және «Барковское» демалыс аймағында орнатылады. Бұған қоса, коммуналдық кәсіпорындарға сыйымдылығы 1,1 текше метр болатын 20 пластик контейнер берілді. Мамандардың пікірінше, Балқаш шәһрінде абаттандыру мен санитарлық тазалау жұмыстары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

• АЛҒЫС

Президентке дән риза

Биыл қазанда Бұқар жырау ауданына қарасты Ғабиден Мұстафин кентінде Нұра өзенінің үстінен жаңа көпір ашылып, тұрғындар қуанышқа бөленді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жергілікті тұрғындар үшін бұл – көптен күткен күн. Мұндағы ескі өткелді 2015 жылы көктемгі су тасқыны шайып кеткен еді. Сол қиын сәтте көптеген қазақстандықтар қол ұшын созып, тұрғындарға моральдық және материалдық көмек көрсетті. Зардап шеккендерге жаңа үйлер салынды. Алайда, өткен ғасырдың 60-жылдары салынған көпір бүлініп, содан бері кент тұрғындары Теміртауға жету үшін айналма жолмен шамамен бір сағаттай жүретін. 12 шақырымдық жол 40 шақырымға дейін ұзарды.

Жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы Татьяна

ды. Мысалы, Петр Афанасьевич – зейнеткер, жасы 86-да. Бірақ, ол әрдайым маңызды мәселелердің шешілуіне мұрындық боп жүреді. Бұл – орасан еңбек! Көпір құрылысына да біршама дайындық жұмыстары жүргізілді. Жобаны іске асыру 2023 жылы басталды. Міне, біз үшін көптен күткен оқиға жүзеге асты, – дейді Татьяна Пчелинцева.

Ғабиден Мұстафин кентінің тұрғындары мұндай сый үшін шын жүректен алғыс айтуда. Олар, тіпті, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына хат жолдап, өз ризашылықтарын жеткізген.

– Біз көпірдің құрылысына қатысты өтінішпен түрлі мемлекеттік органдарға хат жібердік.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Пчелинцева жаңа көпірдің салынуы ауыл өмірін айтарлықтай жеңілдеткен тарихи сәт екенін айтады. Енді ауыл мен Теміртау арасындағы қатынас қайта жаңаданды. Көлік қозғалысы қауіпсіз әрі ыңғайлы болды.

– Шынында да, біздің көпір апатты жағдайда еді. Табиғаттың тегеуіріне төтеп бере алмай, тіреулері қисайып, жарамсыз күйге түсті. Сондықтан, жаңа өткел салу қажеттілігі туды. Өрине, біз бұл мәселе бойынша түрлі мекемелерге жүгіндік, бақытымызға орай, біздің өтініштеріміз ескеріліп, қолдау тапты. Осы мәселені көтеріп, белсенді жұмыс жүргізгендердің қатарында тұрғындарымыз Петр Федченко мен Лев Базелев бол-

Өрине, бұл оңай мәселе болған жоқ, қомақты қаржы бөлуді қажет етті. Өтінішіміз назардан тыс қалмады. Көмек көрсеткен барша жаңа облысымыздың депутаттарына да, жергілікті билік өкілдеріне де риясыз алғыс айтамыз, – деді тұрғындар Мемлекет басшысына ризашылықтарын білдіріп.

Тұрғындар жаңа көпір өз өмірлерінің дамуына тың серпін береді деп сенеді. Өткел тек көлік қозғалысын арттырып, тасымалды жеңілдетіп қана қоймай, жұмыспен қамтуға да қосымша мүмкіндік ашады. Ең бастысы, қарапайым ауыл тұрғындарының тұрмысы едәуір жақсарды.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Дәрі арзандады

Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті еліміздің фармацевтика нарығында мемлекеттік реттеу аясында бірқатар дәрілік заттардың бағасы төмендеді деп хабарлайды Денсаулық сақтау министрлігі.



Сурет ЖИ

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда 4 994 дәрінің шекті бағасын белгілеп, дәріханалардағы бағаны бақылауда ұстап отыр. Сонымен бірге, рецептсіз сатылатын 1 707 препарат реттеуден шығарылды, яғни, бұл дәрілердің бағасы нарық сұранысына қарай қалыптасады. Бірақ, олардың құны да тұрақты түрде тексерілді.

Ресми мәлімет бойынша, 2025 жылдың қыркүйегінде дәрілер бағасы орта есеппен 7,8 пайызға, ал, қазан айында 11,1 пайызға дейін түскен.

Әсіресе, «Гепар комп», «Хель», «Ревмоксикам», «Цефяпс», «Валмак-н», «Зитмак» секілді тұрғындар жиі қолданатын дәрілердің бағасы айтарлықтай арзандары байқалды.

Мемлекет бұл шаралар арқылы халықты қолжетімді және әділ бағамен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді көздеп отыр. Комитет алдағы уақытта да дәріханалардағы бағаға мониторинг жүргізіп, құқық бұзушылықтар болса, шара қолданатынын мәлімдеді.

• ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Шахтердің» тағдыры талқыда

«Шахтер» футбол клубының бастауы сонау 1957 жылда жатыр. 1958 жылы ресми түрде футбол клубы ретінде тіркелді. Содан бері бұл ұжым көмірмен даңқы шыққан қарағандылықтардың мақтанышына, өңірдің бір символына айналды. 2011 жылы «Қазақстан чемпионы» атанды. Бұған дейін де ел біріншілігінің ақтық сындарына дейін жеткен еді. Қазақстан Премьер-Лигасында ойнайтын командалардың үздік үштігінде болды. 2012 жылы чемпиондықты сақтап қалды. Ал, 2013 жылы Еуропаның жоғарғы лигаларында ойнап жүрген тәжірибелі белорусиялық «Бат» командасын екі матчта да жеңді. Албаниялық «Скендербеу» ұжымын, тіпті, 3:0 есебімен ойсыратқан. «Астана – арена» стадионында әйгілі нәм титулды шотландиялық «Селтикті» 2:0 есебімен жеңуі – Еуропа футболын Қазақстанға жалт қаратқан. Тұтас ел болып, «Кеншілер шаһарының командасы кәрі құрлыққа жорыққа аттанды» деп сүйіншілеген едік. Сол тамыры тереңде жатқан, бір кезеңде даңқ пен атаққа кенелген клубтың бүгінгі халі мәз емес. Еуропаның турнирі былай тұрсын, Қазақстанның жоғарғы лигасынан да төменге құлдырап кетті. Басшылығы мен жаттықтырушысын қанша ауыстырса да, қанша қаржы құйса да, еш нәтиже жоқ. «Шахтер» жанкүйерлері алаңдаулы. Жағдайды реттеу үшін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев футбол клубын жеке меншікке өткізуді ұсынды. Осыған орай «Шахтер» футбол клубы акционерлік қоғамын» жекешелендіру мәселесі бойынша қоғамдық тыңдау өтті. Тыңдауға облыстық мәслихат депутаттары мен ардагер спортшылар қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде жеке меншікке өткен командалар қаржылық мәселелерін өздері шешіп, ел турнирлерінде оң нәтиже көрсетіп жатыр. Бастысы – отандық футболға жұмсалатын мемлекеттік бюджеттің көл-көсір шығыны азайды. Жеке меншікке өткен алматылық «Қайрат» футбол клубының жетістігін мысал ретінде алуға болады. Алматылықтар Еуропаның әйгілі чемпиондар лигасында өнер көрсетіп жатыр. Тіпті, Испанияның корольдік клубы «Реал Мадридті» Алатаудың етегінде ойнатып, қазақстандық футбол жанкүйерлеріне шаттық сыйлады. Осы мәселені ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев назарға алды. Ол былғы Қазақстан халқына Жолдауында «...Футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты тездету керек. Дегенмен, футболды коммерцияландыру ісін жалғастыра беру керек. Мұндай қадамсыз Қазақстанда футбол дамымайтынын әлемдік тәжірибеден көріп отырмыз. Қазіргі заманда кәсіби спортты қомақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырған жөн», – деген.

Жолдаудан кейін аймақ басшысы облыстық мәслихатқа «Шахтер» футбол клубын жекешелендіру мәселесі бойынша көпшілік тыңдаулар өткізу туралы бастамамен жүгінді. Содан кейін облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен «Шахтер» футбол клубы акционерлік қоғамын» жекешелендіру мәселесі бойынша кеңес те өткен.

Достық үйіндегі тыңдауда тұрақты комиссия төрағасының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі орынбасары Ерден Халилин төрағалық етті. Ол келелі жиынның маңыздылығына тоқталды.

– Бүгінгі тақырып тек меншік мәселесі емес. Бұл – қазақстандық футболдың болашағы, оның бәсекеге қабілеттілігі, тиімділігі мен қоғамдық өмірдегі рөлі туралы мәселе. Бұл тақырыпты дәл бүгін талқылау өзекті болмақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былғы 8 қыркүйекте жарияланған Қазақстан халқына

Жолдауында футбол клубтарын жекешелендіру үдерістерін жеделдету қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл мәлімдеме нақты мақсаттарды ғана емес, сонымен қатар, спортқа деген көзқарасты



мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта айқындайды. Қазіргі тенденциялар футболды тек бұқаралық ойын-сауық ретінде ғана емес, сонымен бірге, қоғамдық прогресс, жастарды дамыту, әлеуметтік келісімді нығайту және саламатты өмір салтын насихаттау құралы ретінде қарастыруға болатындығын көрсетеді. Бүгінгі күні Қазақстанда небары төрт футбол клубы ғана бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Бұл өз кезегінде бірқатар жүйелі тәуекелдерді туындатады. Соның ішінде, мемлекеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуы, әлсіз менеджмент пен ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлаудың болмауы, клубтар басшылығының жиі ауысуы секілді проблемалар бар. Бұл клубтар айтарлықтай қаржылық салымдарға қарамастан, төмен нәтижелер көрсетуде, – деді Ерден Халилин.

Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Елнар Уахитов клубты жекеше-



лендіру процесінің қалай жүріп жатқаны турасында баяндама жасады.

– Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру рәсімі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекеше-

кеттік активтер басқармасы туралы Ережеге сәйкес, басқарма облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру функцияларымен және оның сатушысы ретінде өкілеттіктермен қамтамасыз етілген. Осыған байланысты, басқарма бүгінгі күні «Шахтер» футбол клубы» акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы алгоритм әзірледі. Оның аясында Жекешелендіру нысанын бағалау қызметтерін сатып алу рәсімі өткізілді. «Шахтер» футбол клубы» акционерлік қоғамының 100% мемлекеттік акциялар пакетінің нарықтық құнын айқындау мақсатында «Tengri Consult» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен шарт жасалды. 4 қарашада жекешелендіру нысаны туралы ақпарат e-qazupa.kz веб-порталындағы тізімге енгізіледі. Ал, 5 қарашада мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссияның отырысын өткізу жоспарланып отыр. Онда комиссия шешімі негізінде нысан бойынша бастапқы баға, сауда нысаны мен шарттары айқындатын болады. Сауданы өткізу туралы хабарландыру 6 қарашада жарияланғаннан кейін, сауданы өткізу күні 21 қараша болып белгіленеді, – делі басқарма басшысы.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бас-



лендіру объектілерін сату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Облыс әкімдігінің 2025 жылғы 23 маусымдағы №34/03 қаулысымен бекітілген Қаржы және мемле-

шысы Серік Сәпиев те «Шахтер» футбол клубының бүгінгі ахуалына қатысты баяндама жасады.

– Бүгінде «Шахтердің» баланстық құны 47 млн теңгені құрай-

ты құру үшін емес, – деді Серік Сәпиев.

Басқарма басшысы клубты жекешелендіру – қызметінің тиімділігін арттыруға, қосымша инвестициялар тартуға және облыстық бюджеттің жүктемесін азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Үнемделген қаражатты жаппай футболды дамытуға, спорт инфрақұрылымын салуға және өңірдегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін қолдауға бағыттауға болатынын да айтты.

Қазіргі уақытта облыста жеке инвестор тарапынан жалпы құны 11 млрд теңгеден асатын футбол академиясын салу жобасы жүзеге асырылып жатыр екен.

Серік Сәпиев жеке инвестициялар тартылмайынша, клуб тұрақты жұмыс істей алмайты-



ды. Клуб еншісінде үш автобус және 2011 жылғы Ніасе автокөлігі кіреді. Клубтың балансына ешқашан стадион, манеж немесе академия кірмеген. Іс жүзінде клубтың материалдық базасы тек көлік құралдарымен шектеледі. Жолдауда кәсіби спорт саласында оң өзгерістер болып жатқаны атап өтілген. Бюджет қаражатынан легионерлерді қаржыландыруды шектейтін заң қабылданды. Бұл – мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында жасалған қадам. Мемлекет басшысы футболды коммерцияландыруды жалғастыру қажет екенін ерекше атап өтті. Себебі әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық механизмдерге өтпей, Қазақстандағы футбол толыққанды дамымайды. Кәсіби спортты тек ел имиджінің элементі ретінде емес, сонымен қатар, елеулі экономикалық және әлеуметтік әсер әкелетін заманауи бизнес-индустрия ретінде қарастыру қажет. «Шахтерді» жекешелендіру уақытылы және стратегиялық тұрғыдан негізделген қадам болып табылады. Клуб мемлекеттік қаражатта өмір сүріп, нәтижеге таласпайтын болса, жанкүйерлердің сенімі мен қызығушылығы төмендейді. Ал, футбол – бұл эмоциялар, амбициялар, күрес. Мемлекеттік қаржыландыру клубтың тіршілігін қамтамасыз ете алады. Бірақ, оны сәтті және бәсекеге қабілетті етпейді. Бюджеттік қаражат әлеуметтік тұрақтылықты қолдау үшін арналған, кәсіби спорт-

нын алға тартты. Тыңдалым барысында «Шахтер» футбол клубын жекешелендіру – бұл спортқа мемлекеттік қолдауды тоқтату емес, жаңа және тиімді даму моделіне көшу болып есептеледі. Онда негізгі рөл инвесторлар мен басқарушылардың бастамасына, жауапкершілігіне және кәсібилігіне басымдылық беріледі» деген пікірлер айтылды. «Шет елдерден қыруар қаржыға келетін легионерлерге деген тәуелділіктен арылу үшін футбол академиясында талантты футболшылардың жұлдызын жағуға басымдық берілуі тиіс» деген пікірлер де жиналғандардың тарапынан қолдау тапты.

Сала басшылары жасаған баяндамалардан кейін ашық пікір айтушыларға кезек келді. Облыстық мәслихаттың депутаты Меруеш Башай облыс басшылығынан клуб тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетпес үшін жаңа егесін таңдауда аса мұқият болуды өтінді. Облыстық мәслихат депутаттарының барлығы дерлік футбол клубын жекешелендіру ұсынысын құптады. Депутат Қадияша Оспанова да Шахтер» клубы жеке меншікке өтсе, алдағы уақытта айтарлықтай жетістіктерге жететініне сенімді. Депутаттардың пікірін спорт ардагерлері де қолдады. Олар жаһан жұрты бұрыннан осы жүйеге көшкенін және бұл жүйе өте тиімді екенін айтты.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Қауіпсіздік қаперден шықпасын

Қарағандыға алғашқы қар түсті. Бірнеше сағат бойы толассыз жауған ақ ұлпа қала көшелерін қалың жамылғыға орады. Күре жолдарда көлік қозғалысы қиындаған соң коммуналдық қызметтер тәулік бойы күшейтілген режимде жұмысқа кірісті. Қала жолдарын қардан тазалау үшін 170 арнайы техника мен жол жұмысшыларының бригадасы тартылды. Сонымен қатар, полиция да күшейтілген қызмет тәртібіне көшкен. Тәртіп сақшылары жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жүргізушілерді сақтық шараларын қатаң ұстануға шақыруда.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Синоптиктердің болжамына сүйенсек, алдағы күндері ауа райы күрт бұзылып, қарлы боран мен көктайғақ түседі. Осыған орай, қалалық коммуналдық қызметтер тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырмақ. Жолдарды уақытылы та-

залап, өңдеу жұмыстарын жалғастыра бермек.

– Жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында патрульдік полиция батальонының қызметкерлері күшейтілген қызмет режиміне ауыстырылды. Барлық бағыттарда экипаждар саны көбейтіліп, жүргізушілермен профилактикалық және түсіндіру жұмыстары жүр-

гізілуде, – деді облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінің мамандары.

Департамент мамандарының дерегіне сүйенсек, 4 қарашаның бірінші жартысында қала аумағында шамамен 30 ұсақ жол-көлік оқиғасы тіркелген. Олардың басым бөлігі жылдамдық режимін және арақашықтықты сақтамағанның салдарынан болған. Абырой



болғанда, қаза тапқандар мен зардап шеккендер жоқ.

Полиция қызметкерлері ауа райының қолайсыздығына байланысты жүргізушілерге ерекше сақтық танытуды ескертті. Мамандар көлік арасындағы қашықтықты сақтау, шұғыл маневр жасамау және жолға шығар алдында дөңгелектерді мұқият тексеру қажеттігін қатаң түрде тапсыруда. Сонымен қатар, тотенше жағдай немесе жол-көлік оқиғасы туындаған жағдайда бірден 102 нөміріне хабарласу қажеттігін айтады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Парасатты бизнес парқы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көптеген кәсіпкерлер өз бизнесін интернет алаңдарына көшіріп, онлайн сауда-саттық арқылы табыс табуда. Айтып-айтып келгенде, облыс орталығы – Қарағанды қаласында стартап-жобалар мен IT компаниялардың саны да артпаса, кемімеді. Атап айтқанда, инновациялық идеяларға негізделген жобалар, стартап-акселераторлар мен хакатондар ашылып, кез келген кәсіпкерге өз жобасының қазығын қағуға жағдай жаратады.

Бақылау берекеге бастайды

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында жасанды жадыны экономиканың барлық саласына кеңінен енгізу, сосын толық цифрландыру қажеттігі туралы келелі міндет артқан еді. Діттегенге жетпек мақсатында өңірде халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызы зор жасампаз технологияларын пайдалана отырып, бірқатар негізгі жобалар іске асырылуда, – деп баяндады облыстық акпаратландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Константин Ильинский.

Спикер мырза әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағамын автоматты түрде тіркеп, талдау жүйесінің қалай жұмыс істейтінін егжей-тегжейлі түсіндірді. Алдымен нейрондық желі онлайн-деректерді, ең бастабында аймақтық сауда желілерінің веб-сайттарынан алынған деректерді мұқият өңдейді. Алынған ақпарат жедел жиналғылар мен сараптамалық есептер түрінде ұсынылады да бағаның өзгеруіне жалма-жан ден қоюға, әрмен қарай тұтыну нарығындағы жағдайды терең сараптауға көмек ашады.

Ведомство басшысының мәлімдеуінше, көлік саласында автомобиль жолдарының жағдайын автоматтандырылған бақылауға арналған JoLScan жүйесі



қанатқақты негізде іске қосылған. Жасампаз жүйеде компьютерлік көру технологиясы қолданылады да, автомобильдердегі бейнетіркегіштерден келіп түскен бейне ағындарын сарапқа салады. Түпкі нәтижесінде, жол төсеміндегі ақаулар анықталып, сала-салаға жіпке тізгендей етіп, жіктеледі. Алынған ақпарат тарихын қадағалау мақсатында векторлық белгілері бойынша салыстыру амалдары демде жүргізіледі. Ақаулар атаулысын картаға нақты байлау үлесінде геокациялық деректер де қаз-қатар пайдаланыла береді.

Облыс әкімдігі мен жергілікті билік органдары тарабы болса, шағын және орта кәсіпкерлікті әртарапты қолдау мақсатында әртүрлі бағдарламалар мен гранттар ұсынып келеді. Мұндай қолдау кәсіпкерлердің тың да теңгерімді технологияларды енгізу әрі цифрландыруды жеңілдетуіне сеп. Инновациялық идеялар мен теңгерімді технологияларды жүзеге асыруға бағытталған бірнеше стартаптар мен жобалар жалғанның жарығын көрді. Қарағандының жас кәсіпкерлері мен мамандары ауыл шаруашылығын, өндіріс салаларын, экологиялық

жобаларды цифрландыруға, автоматтандыруға, жасанды жады технологияларын қолдануға бағытталған жобаларды мықтап қолға алуда. Жоталы жобалар облыстың экономикасына игі инвестициялар тартып, жұмыс орындарын мейлінше көбейтуге оң ықпал етеді. Мысал ретінде қарастырсақ, AgroTech жобалары ауыл шаруашылығында сандық технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру, шығындарды азайтуға бағытталған сыны жоқ шешімдер қатарында. Digital Solutions платформалары шағын және орта бизнес үшін бағдарламалық өнімдер, мобильді қосымшалар, веб-кеңістікті жарату арқылы нарыққа жаңа тәсілдер енгізу алгоритмін жалпыға паш етті. Қалдықтарды қайта өңдеу технологиялары болса, экологиялық таза жобалар, зиянды шығарындыларды өңдеу және қайта пайдалану бағытында жетелі жұмыстар атқарылууда.

Соңы серпін

Smart технология көмірді де экологияға зиян келтірмей өңдей алады. Биылға дейін аймақтағы 11 ірі кәсіпорында 40 цифрлық

жобаны іске асыру межеленді. Смарт жүйе адам факторынсыз іске асқандықтан ақиқатында бюрократияны пышақ кескендей тияды. Облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер телімдерін электронды қалыпта беру рәсімін жеңілдету оның негізгі артықшылықтарының бірі болып табылатын аймақтық геоақпараттық портал жұмыс істейді. Осылайша жер учаскелеріне құқық беру мерзімін 60 жұмыс күнінен 30 жұмыс күніне дейін қысқарды. Ендігі уақытта жеке-леген азаматтар мен кәсіпкерлер үшін жер алу үрдісі айтарлықтай жеделдетіліп, қолжетімді бола түсті. Байырқалы бастама мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға һәм халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімділігін арттыруды дәл көздеді.

Сандық сана дамыған ғасырда бизнесті табысты жүргізу үшін кәсіпкерлер тек таразылы технологияларды емес, сондай-ақ, сандық мәдениетті меңгермегі өміршең мәнге ие. Көнігі кәсіп иесі мен бизнесмендер арасында сандық сауаттылықты арттыру мақсатында түрлі тренингтер мен семинарлар жүйелі негізде

ұйымдастырылуда. Қарағанды облысында цифрлық дәуірдің шағын және орта кәсіпкерлікке тигізетін оң әсері айқын байқалып келеді. Тегеурінді технология мен инновациялық жобалар облыстың экономикалық дамуына өзгеше серпін беріп, бизнес ортаны жаңартуда. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жеке кәсіпкерлердің оң қадамдары инновациялық кәсіпкерліктің жаңа белестерін бірден бағындырды. Аталған трансформация, жалпылай алғанда, бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өндірісті де іскер өңірдің жалпы экономикалық әлеуетін күшейте берді.

Ендігіде 2024-2026 жылдар аралығында Қазақстанның бизнес-инвесторлары мен венчурлік қорларын белсенді түрде тарта отырып, жалпы көлемі 5 миллион АҚШ долларын құрайтын жаңа венчурлік қорды іске қосу межесі тұр. Қомақты қордың мәнді көздемегі – даңғайыр дамудың ерте кезеңіндегі инновациялық жобаларға инвестиция салу соқпағымен отандық стартап экожүйесін қолдау және дамыту. Сайып келгенде, қор бірлесіп инвестициялау үшін салалық серіктестерді, атап айтқанда, ірі корпорациялар мен тәжірибелі инвесторларды жұмылдырады. Яғни, әріптестіктер стартаптарға қаржылық қолдаудан бөлек, құнды тәжірибе, сараптамалық кеңес, нарыққа шығу алаңдарын ұсынуға жәрдемдеседі. Сонда қор мемлекет экономикасының әртараптандырылуына, технологиялық тетіктердің сатылап өсуіне елеулі үлес қосады.

Респондент лебізі

Ержан Байдуллаұлы – бизнес-тренер. Ол қазіргі уақытта сандық трансформация үдерісін зерттеп келеді. Оның көзқарасынша онлайн-оффлайн сервистер адам санасына түбегейлі өзгеріс әкелген. Күн сайын әрнеге дағдылану тосын жайт болғанымен, пайдасы орасан болса керек-ті.

– Өңірдегі цифрландыру мен инновациялық кәсіпкерлік оң формацияларды айқын көр-

сетті. Қос көзімізге шұқшитып тұрып. Шағын және орта бизнеске арналған соны технологияларды біртін-біртін кіріктіру бағытындағы қозғалыстар, әсіресе, азықтүлік бағаларын бақылау, жолдардың жағдайын мониторингтеу сияқты жетелі жобалар шын мәнісінде бұқара халықтың ғұмыр сапасын аршындап арттыруға, экономикалық тұрақтылықты нығайтуға ересен септігін тигізеді. Қарағанды облысында сандық технологияларды белсенді қолдану әдісімен бәсірелі бизнестің көкзентір көкжиегі мен мұңдалап, арқасүйер аймақтың экономикалық әлеуетін аспандартып, бәсірелі. Демек, трансформацияның нәтижесінде орталық облысымызда жаңа стартаптар мен инновациялық жобалардың санының артуы, оны қоса алғанда, кәсіпкерлер жамағатына арналған демеу шаралары өңір болашағына селкеусіз сенім ұялатады. Мұндай бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет деп санаймын! – деді Ержан.

Иә, сандық санаға саяхат қылғанымызда талғамды технология тегеуріні Арқа атырабында мүлде өзге эраның басталғандығын аңғартып қойғандай бізге. Шынтауайтында, тек технологиялар туралы ғана емес, бүкіл қоғамдық сананы, бизнес-мәдениетті түбегейлі өзгерту туралы әңгіме дерміз бір сөзбен бұны. Сандық трансформация көпірі арқылы өткен шағын және орта бизнес өз күшіне күш қосып, нарықтағы орнын әбден бекітуде. Инновация мен кәсіпкерлік гүлденген осы заманда әрбір стартап, әрбір цифрландырылған үдеріс, әрбір жасампаз ой – болашаққа салынған ғимараттың кірпіші тәріздес. Мемлекет пен бизнес әріптестігінің нәтижесінде облыс өңірлік қана емес, ұлттық дамудың белсенді қозғағыш күшіне айналууда. Ал, біз болғанда смарт алаңда салынған көпірдің алтын арқауында экономиканың басқы белестеріне сеніммен жетеміз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Агробрендтің берік негізі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өрқайсының температура-сы мен ылғалдылығы автоматты түрде реттеледі. Мысалы, қаттық ұйыту үшін 42-46°C, айран дайындау кезінде 22-26°C температура ұсталады. Маусымдық өзгерістерге бұл көрсеткіштер де берімделеді.

Өндіріс үдерісі үздіксіз жүру үшін кәсіпорын басшылығы көлік паркын толық жаңартқан. Бүгінде 18 тонналық арнайы цистерналар ауыл-аймақтарды аралап, жаңа сауылған сүтті тікелей зауытқа жеткізіп отырады. Бұл – шикізаттың сапасын сақтаудың ең тиімді жолы.

«Нәтиже» зауыты бүгінде 30-дан астам түрлі сүт өнімін шығарады. Барлық өнім табиғи айран ұйытқысымен дайындалып, ешқандай жасанды қоспасыз өндіріледі.

Бүгінгі таңда «Нәтиже» өнімдері Қарағанды мен Павлодар облыстарында, сондай-ақ Астана мен Екібастұз қалаларында үлкен сұранысқа ие.

Кәсіпорынның басты жетістігі – дәстүрлі сүт өндіру әдістері мен заманауи технологияны үйлестіре білуінде. Осындай тәсілдің арқасында «Нәтиже» бренді тек өңірлік деңгейде ғана емес, ұлттық деңгейде де сенімге ие болды.

Өнім сапасына, экологиялық тазалыққа және технологиялық тәртіпке ерекше мән беретін «Нәтиже» кәсіпорны – еліміздің агроөнеркәсіп саласындағы табысты жобалардың бірі. Бұл зауыттың жетістігі – адал еңбек пен үздіксіз жаңашылдықтың нәтижесі.

Қарағандының «Нәтиже» бренді бүгінде елдің түпкір-түпкіріне таралып, әр үйдің дастарханынан лайықты орын алған.

Қарқаралының құрт-майы

Алысқа ат арытқан бабаларымызға ас болған қазақтың «алты малтасы» тағы да тарихи міндет-

ті атқарып отыр. Қарқаралының әйгілі құрты сыртқы сауда нарығына да шыға бастады. «Атамекен» шаруа қожалығының басшысы Сламбек Қинаят ауылынан алысқа ұзамай-ақ ұлттық дәмді саудалап-ақ, көл-көсір табысқа кенелуде.

Сламбек Қинаят өз ісін бастар алдында облыстық кәсіпкерлер палатасының көмегіне жүгінген болатын. Ондағылар болашақ кәсіпкерді «Бастау» бағдарламасы бойынша оқуға жібереді. Оқуын тәмамдаған ол бизнес-жоспарын алып, ауыл шаруашылығын қолдау қорына барып, 18 миллион теңге несие алып, Қытайға жол тартқан. Ол жақтан өзіне қажетті, көптен бері ойында жүрген құрал-жабдық әкелді. Қалған ақшасына сүтті 10 сиыр сатып алды. Сөйтіп, тасы өрге домалап, көп ұзамай шағын кәсіпорныннан шарапат сезіне бастайды. Өрине, бәрі де – адал еңбегінің өтемі.

Өндірілген сапалы сүттен Сламбек бүгінде тибеттік технологиямен құрттың 17 түрін тек арқасында «Нәтиже» бренді көңірлік деңгейде ғана емес, ұлттық деңгейде де сенімге ие болды.

Осыдан алты-жеті жыл бұрын табиғаты тамылжыған Қарқаралыға Біріккен Араб Әмірліктерінен, Германиядан бір топ турист қыдырып келген болатын. Сол кезде шетелдіктер жергілікті кәсіпкердің шағын кәсіпорнында да болып, құрттың қалай жасалатынын, майдың қалай пайдалатынын көріп, таңданыстарын жеткізген. Немістер ежелгі әдіспен алынған сары майдың дәмін татып, бас шайқаса, араб азаматтары бал татыған құртқа



қатты қызыққан екен. Елдеріне қатарында әлгі саяхатшылар өздерімен бірге бір-бір дорба құрт ала кетіпті. Арада уақыт өтіп, Араб елінен Сламбекке қуанышты хабар жолдапты. Сөйтсе, арабиялық саяхатшылар еліне жеткен соң Сламбектің құрттарын зерттеп, оның 98 пайыз тап-таза табиғи шикізаттан тұратынына көз жеткізген. Содан олар Сламбектің құрттын молдап алдырады.

«Қазір құрт көбіне құртты тұрып қалған немесе сепараторда айырылған көксүттен жасайды. Ал, мен қаймағы алынбаған сүтті қайнатып барып құрт сығам. Содан да болар, менің құрттымның дәмі ерекше. Бұдан бөлек құрт құрамына түрлі дәмдеуіш қосамын. Мысалы, Ал-тай балын қосқан құрттың дәмі, жесеніз, тандайдан кетпейді.

Жалпы, қоспалар тағам құрамында биологиялық белсенді үстеме қызметін атқарады» дейді кәсібінің құпиясымен бөліскен Сламбек Қинаят.

Кәсіпкердің айтуынша, ең пайдалысы – ежігей құрты. Ол қайнатылған қаттық пен сары ірімшіктің қоспасынан дайындалады. Ақуызға өте бай. Мұнымен қоса, Сламбек құрт жасауға емдік қасиеті мол өсімдіктерді пайдаланады. Қауын, қарбыз, тәрізді жеміс-жидектердің сөлі қосылған құрттың да денсаулыққа әсері мол дейді ол.

«Ертеде ата-бабаларымыз күбіге су құйып, түбіне тас салып қоятын еді. Мұнел тәсілді пайдаланамын. Себебі, мұндай тас сүттің бойындағы зиянды заттарды залалсыздандырады. Егер, сиырда ауру болса, сүтінің бойындағы вирусты тас сіңіріп

алады», – дейді тың тәсілімен бөліскен цех иесі.

Бүгінде Сламбек ай сайын сауда нүктелеріне 130 келіге жуық сары май мен 100 келіден астам құрт жөнелтіп отырады. Саудаға шығарып басқа да сүт өнімдері жетерлік.

«Саумал» – әлемдік нарықта

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Eurasia Invest LTD» ЖШС ұнтақталған «Саумал» бие сүтін ұсынып, әлемдік нарыққа алып шықты. Жарқын жоба. «Саумал» ұнтағы Қазақстаннан бөлек, Қытай мен Ресейге, Германияға да экспортталып үлгерді. Бұл – Осакаров ауданында орналасқан кәсіпорыннан шығып жатқан өнім.

«Саумалды» нарыққа шығармас бұрын Ұлттық ғылыми медициналық орталық құрғақ, яғни, ұнтақ күйге түсірілген саумалдың құрамын зерттеген. Ғалымдар, әсіресе, бұл өнімнің созылмалы бауыр дертімен ауыратындарға ықпалы мен қауіпсіздігіне ден қойған. Зерттеу тәжірибесіне өз келісімімен отыз адам қатыстырылыпты. Олардың әрқайсысына күн сайын екі қасық құрғақ қымыз сумен араластырылып, екі мезгіл беріліп отырған. Бір айдан кейінгі нәтиже көрсеткендей, бұл емдік шараның ешқандай кері әсері байқалмай, қайта науқастардың сырқаты жазыла бастағаны байқалыпты. Дәрігерлердің айтуынша, медицинаның жоғары жетістіктеріне қарамастан, бауыр ауруының асқынған түрлерінде оны айырбастағаннан, яғни, трансплантация жасағаннан басқа амал жоқ. Дегенмен, құрғақ қымыз оған дейін біршама уақыт ұтуға көмектесе алады екен. Ақыры не керек, осы ғылыми зерттеулердің негізінде «Saumal» кеден одағының қауіпсіздік талаптарына сәйкестік декларациясына ие болды. Яғни, осыдан барып бұл өнім алыс-жақын шетелдерге экспорттала

бастапты.

– Өндірістің әр кезеңі – қатаң бақылауда. Яғни, сүт әр процестен өткен кезде біздің технологиялар жеті бақылап, сапасын қадағалап отырады. Сублимация процесі өткен уақытта сүт мұзда-тылып, кептіріледі. Яғни, бұл – дайын өнім. Содан кейін барып ұнтақты арнайы герметикалық пакеттерге ораймыз. Арнайы оралған пакеттеріміз өнімнің балғындығына, құнарлығы мен сақтау мерзімінің ұзақтығына мүмкіндік береді, – дейді кәсіпорын директоры Серік Жүнісов.

Зауыт еуропалық жабдыппен жылына 10 тонна саумал ұнтағын шығара алады. Олай болса, біздің өңір құрғақ қымыз өндіруден әлемдегі ең ірі орталыққа айналады.

Ұлттық бренд ұшпаққа шығарады

Қарағанды аймағының агро-өнеркәсіп саласы айтарлықтай табысқа қол жеткізіп отыр. Мұны ауыл өнімдерінің ішкі нарықта ғана емес, шетелге де шығуы айқын дәлелдейді.

«Нәтиже» сүт зауытының сапа мен сенімділікті қатар ұстанған табысты жолы, Қарқаралының дәмі – құртты әлемдік нарыққа шығарған Сламбек Қинаяттың қажырлы еңбегі, «Саумал» бренді арқылы бие сүтін ұнтақ түрінде экспорттаған «Eurasia Invest LTD» кәсіпорнының инновациялық бастамасы – бәрі де бір мақсатты, яғни, отандық өнімнің өрісін кеңейтуді көздейді.

Жоғарыдағы мысалдар ауыл кәсіпкерлігінің әлеуеті зор екенін, ғылым мен технологияны тиімді ұштастырған жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетті бола алатынын көрсетеді. Қысқасы, үш кәсіпорын да ұлттық брендтің қалыптасуына берік негіз қалап отыр.

Суреттер кәсіпорындардан
алынды

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Ынта кедергіні жояды

Қарағандыда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кешенді көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің ашылғанына биыл жиырма жыл толды. Екі онжылдық ішінде бұл орталық жүздеген балаға жаңа мүмкіндік сыйлап, олардың өмірге бейімделуіне, әлеуметке араласуына жол ашып келеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалалық білім басқармасының қарамағындағы бұл ұйым бүгінде 18 маманнан тұратын кәсіби ұжым. Мұнда дефектолог, логопед, психолог, тифлопедагог, сурдопедагог, әлеуметтік педагог және дене шынықтыру мұғалімдері бар. Әрқайсысы өз бағыты бойынша ерекше балалардың жеке даму бағдарламасымен кешенді көмек көрсетеді.

Жыл сайын шамамен 180 бала орталық қабырғасында дамуындағы қиындықтарды жеңіп, өз әлеуетін ашады.

– Біз үшін әр бала – жеке тұлға, жеке әлем. Мақсатымыз – оның мүмкіндігін шектеу емес, мүмкіндігін кеңейту. Психологиялық және педагогикалық түзету – ұзақ әрі нәзік процесс. Бұл тек кәсіби біліктілікті ғана емес, сонымен қатар, рухани төзімділікті талап етеді. Бала дамуындағы кез келген жетістік – ұжымның ортақ жеңісі, – деді мекеме директоры Шолпан Никомбаева.

Соңғы үш жылда кабинет жаңа ғимаратқа көшіп, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Мұнда инвентармен кәсіби логопед, психолог, дефектолог, тифлопедагог, сурдопедагог, әлеуметтік педагог және дене шынықтыру мұғалімдері бар.

Мерейтой аясында мамандардан бөлек, аймақтың әр өңірінен келген тәжірибелі педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісті.

– Ерекше баламен жұмыс істеу – тек педагогикалық үдеріс емес, бұл рухани жауапкершілік пен моральдық ұстын. Әр жетістік – баланың когнитивтік, эмоционалдық және коммуникативтік дамуының жаңа сатысы. Педагог баланың танымдық белсенділігін арттыру үшін инклюзивті білім беру, психокоррекциялық әдістер, сенсорлық интеграция, эмоциялық интеллектіні дамыту технологиялары секілді заманауи тәсілдерді қатар қолдануы тиіс, – деді деді Саран қаласындағы «Аленушка» балабақшасының педагог-психологы Гаухар Мырзахметова.

Психологтың айтуынша, ерекше бала – тұтас отбасының тағдыры. Сол себепті



ата-анамен серіктестік қағидасын сақтау маңызды. Үй мен орталық арасындағы сабақтастық баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Бүгінде осы салада қызмет қылатын мамандардың жүйелі еңбегі мен бір-бірімен тәжірибе алмасуы өңірдегі инклюзивті білім беру жүйесінің тұрақты дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді.

Сонымен қатар, педагогтер арт-терапия, логопедиялық жаттығулар, музыка және сенсорлық даму бағыттарында шеберлік сабақтарын (мастер-класс) өткізді. Әр маман өз әдістемесін көрсетіп, тыңдаушыларға тәжірибелік материалдар ұсынды.

ППТК жұмысының негізгі қағидаты – кешенді көмек. Мұнда әр балаға жеке даму бағдарламасы әзірленеді, сабақтар жеке, кіші топтық және топтық форматта өтеді. Мамандар баланың психофизикалық жағдайын жүйелі бақылап, даму динамикасын бағалайды.

Орталықтың ерекшелігі – ерте араласу мүмкіндігі. Яғни, дамуында қиындық байқалған сәттен бастап, ата-ана кәсіби кеңес алып, оңалту сабақтарын дер кезінде бастай алады. Бұл тәсіл баланың әлеуметтену үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, кейінгі оқу жетістіктеріне де оң әсер етеді.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

Адал еңбектің арқауы

Дана халқымыз «Еңбектің наны тәтті» деп бекер айтпаса керек-ті. Сол нақылдың мән-маңызын ісімен дәлелдеп, әрі дәріптеп жүрген жайсан жандардың бірі – шұғылалы Шет ауданы, Сәкен Сейфуллин ауылының тұрғыны Жанар Қаңтарбаева. Көпбалалы ана атанған ол бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, ел игілігіне еңбек етіп келеді. Оның бастамасымен құрылған «FreshCheeseZharyk» бренді табиғи сүт және ірімшік өнімдерімен облысқа қана емес, ел нарығында да сұранысқа ие болып отыр.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жанар Қаңтарбаеваның іскерлік жолы 2022 жылы басталған еді. Үш жыл бұрын ол халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант жеңіп алып, алғашқы өндірісін шағын үй асханасында бастады.

– Мемлекет қолдауы маған серпін берді. Үкімет тарапынан көрсетілген қаржылай қолдау – кәсіптің іргетасы іспетті. Әрине, бастапқыда оңайға түспеді. Сапалы өнім жасап, адал еңбегіммен отбасымның тұрмысын жақсарттым келді. Қазір сол еңбектің жемісін көріп келемін, – дейді кәсіпкер.

Алғашқы қадам оңай болмасы хақ. Шикізат жеткізу қиын, өндіріс көлемі шектеулі. Алайда, табан ақы, маңдай тердің арқасында Жанар Қаңтарбаева жергілікті фермерлермен келісім орнатып, ауылдағы сүт өнімін тұрақты қабылдауды мақсат тұтты. Бүгінде ол ауыл тұрғындарынан сүт сатып алып, сонымен қатар, жергілікті экономиканы дамытуға да үлес қосып отыр.

Сұраныс артқан сайын үй асханасы өндіріс үшін тарлық ете бастады. Осылайша кәсіпкер заман талабына сай жаңа жабдықтармен жабдықталған жеке сүт және ірімшік цехын ашып, толыққанды өндірістік жүйе құрды.

Қазір «FreshCheeseZharyk» брендімен май, сүзбе, қаймақ, ай-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

ран, йогурт сияқты табиғи өнімдер шығарылады. Сонымен қатар, қачотта, халлуми, скаморца, качкавал, буррата, моцарелла, страчателла, сулугуни секілді түрлі

ірімшіктер де өндіріледі.

Кейіпкеріміз алдағы уақытта пісірілген және ұзақ жетілетін ірімшіктерді шығаруды көздеп отыр. Дөңгелеген кәсіптің сапасы

да ресми түрде мақұлданды. Кәсіпкер жанында Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестік декларациясын алып, сары май мен сүзбе өнімдерін сертификаттаудан өткізген. Қазір ірімшіктерге де сапа құжаттары рәсімделіп жатыр.

Бүгінде Жанар Қаңтарбаева өндіріс өрісін кеңейтіп қана қоймай, ауыл тұрғындарын да жұмыспен қамтып отыр. Өткен жылы ол «Күміс жас» жобасы аясында Шет ауданының Мансап орталығымен үш жылдық келісімшарт жасап, цехына егде жастағы екі әйелді жұмысқа алған.

– Аға буын өкілдерінің еңбек тәжірибесі мен жауапкершілігі мол. Олармен жұмыс істеу арқылы мектеп тәлімін қайта менгергендей боласың. Өйткені, олар әр іске баппен, бажайлап қарайды, асықпай, тиянақты атқарады. Кішіпейіл кісілермен бірге жұмыс істеген сайын мен де сабыр мен төзімнің қадірін ұғына бастадым. Шеберлігіне, ұқыптылығына, адамгершілігіне қарап, нағыз еңбектің құнын түсініп, еріксіз тәнті боласың, – дейді кәсіпкер.


Сондай-ақ, ол «Жұмыс орнында қысқамерзімді оқыту» бағдарламасы арқылы бес адамға сүт өнімдерін өңдеу мамандығын үйретіп отыр. Жанар Қаңтарбаева түрлі әлеуметтік және кәсіпкерлік жобалардың құрамындағы белді жан. Ол «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалисті, облыстық және республикалық көрмелердің тұрақты қатысушысы.

Кәсіпкердің айтуынша, келешекте өндіріс көлемін арттырып, жаңа цех ашуды, жұмысшылар санын көбейтуді және қазақстандық ірімшіктерді ірі сауда желілеріне шығаруды мақсат етіп отыр.

• ЖОБА

«Табыс» технология тілінде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Әлеуметтік осал топтарға көмектесу – мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның борышы. Біз әр азаматтың әлеуетін ашуға жағдай жасауымыз керек», – деп нық атап көрсетті. Бүгінде Президент тапсырмасының нақты орындалуына бағытталған жүйелі жұмыстар еліміздің әр өңірінде жүзеге асып жатыр. Соның айқын дәлелі – облыста қолға алынған «Табыс» жобасы. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асып жатқан бұл бастама мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен оларды күтуші жандардың өміріне жаңа үміт, жаңа тыныс сыйлап отыр.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастамасымен іске асқан жоба – өз өмірін өзгертіп кететін, дегенмен, денсаулық жағдайына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін таптырмас мүмкіндік.

– Бұл бағдарлама біздің қоғамда ерекше қолдауды қажет ететін жандардың әлеуетін ашуға бағытталған. Олардың көбі – үйде баласын бағып отырған аналар немесе денсаулығына байланысты еңбек нарығынан тыс қалған азаматтар. Біз оларға жаңа мамандық беріп қана қоймай, өмірге деген сенімін қайта оятық. Биыл 50 адам оқудан өтті, оның 22-сі – мүмкіндігі шектеулі жандар, ал, 28-і – күтушілер. Қазірдің өзінде үш адам ресми жұмысқа орналасты, 19 адам тәжірибеден өтіп жатыр, – дейді басқарманың еңбек нарығының мониторингі және талдау бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағанбетова.

«Табыс» бағдарламасының басты мақсаты – ерекше қажеттілігі бар азаматтар мен оларды күтушілерге заманауи IT сала-сындағы білім мен кәсіби дағдыларды менгерту, әрі қашықтан жұмыс істеу арқылы тұрақты табысқа қол жеткізуге барынша жағдай жасау.

Қатысушыларға веб-дизайн, сайт әзірлеу, бағдарламалау секілді сұранысқа ие цифрлық бағыттар бойынша тегін оқу ұсынылады. Бағдарлама 4 айлық теориялық дайындық пен 2 айлық тәжірибеден тұрады. Сабақтар онлайн және офлайн форматта өткізіледі, ал, үйден шыға алмайтын қатысушылар бейнесабақты

YouTube қолданбасы арқылы көре алады.

– Біз оқыту мен тәжірибе кезеңін ыңғайлы форматта ұйымдастырдық. Кейбір қатысушылар Теміртаудан, кейбірі шалғай ауылдардан қосылды. Әрбір сабақ жазылып, әлеуметтік желіге тегін жүктеліп отырады. Әрбір қатысушыға барынша мүмкіндік жасауға тырысып бақтық. Ең бастысы – бұл жоба олардың қоғамнан оқшауланбауына мүмкіндік береді, – деді «Табыс» жобасының жетекшісі Абай Амантай.

Қанатқақты жобаның алғашқы түлектерінің бірі – Гүлдана Совет. Ол – алты жастағы мүгедектігі бар баланың анасы. Бұған дейін бухгалтер болып жұмыс істеген ол өміріндегі жаңа бетбұрысты дәл осы бағдарлама арқылы бастағанын айтады.

– Бұрыннан компьютерге қызығушылығым бар еді. Бірақ, баланың жағдайына байланысты тұрақты жұмысқа шыға алмадым. Бұл жоба туралы әлеуметтік желіден білдім де, бірден өтініш бердім. Онлайн форматтағы сабақтар мен үшін өте ыңғайлы болды. Қазір IS ERP компаниясында программист болып жұмыс істеймін, – дейді Гүлдана Совет.

Аймақта ерекше санаттағы азаматтарды жұмысқа тарту бағытында соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілеу байқалады. Жергілікті басқармалар, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар бірлесіп, инклюзивті еңбек нарығын қалыптастыруда. Қоғамның кемелділігі мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жасаған қамқорлығымен өлшенеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКАДЕМИК ӘБІЛҚАС САҒЫНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

Халықтың қадірлісі

Біздің халқымыздың, оның ішінде, Қарағанды жұртшылығының аузынан тастамай айтып жүретін ғұламаларының арасында көрнекті ғалым Әбілқас Сағыновтың аты ерекше аталады. Өткен ғасырдың 30-40 жылдары жас республиканың ғылымы мен инженерлер қатарының мақтанына айналған аса көрнекті кен инженерлері мен ғалымдарының жарқыраған шоқ жұлдыздары пайда болған еді. Солардың арасында Әбілқас Сағынов жетекші орындардың біріне ие болды.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының, Жаратылыстану Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының екі мәрте лауреаты Әбілқас Сағынов Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты Баянауыл кентінде 1915 жылы дүниеге келіпті.

Өзінің туған жерінің әсем табиғатынан нәр алған, әсемдікті бойына сіңіре білген Әбілқас жастайынан білімге, ғылымға құмар болып өседі. Оның он жасқа келген кезінде үй іші Арқадағы тағы бір әсем жер Қарқаралыға қоныс аударыпты. Ол осындағы бір сатылы мектепті бітірген соң педтехникумның төменгі даярлық бөліміне түскен екен. Оны бітірген соң Қоңырат кенішіне барып, электр жөндеушісінің көмекшісі болып істейді. Сол 1931 жылы Қоңырат руднигінде кен қазу жұмыстарымен бірінші рет танысады. Одан кейін «Прибалхастрой» тресінің Өспен кенішінде моторист болады. Осындай өндірістік жұмыстарға көзі қаныққан соң ол кенші мамандығын меңгеруді алдына мақсат етіп қойған сияқты.

Сол арман оны 1932 жылы Қарағандыға жетелеп әкеліп, Қарағанды кен техникумына түсуіне ықпал етеді. Енді оқу-білімнің дәмін татқан Әбілқас одан әрі оқу қажеттігін түсінеді. Техникумды үздік бітірген ол «Қарағандыкөмір» комбинатына жұмысқа келгенде оған Днепротровск тау-кен институтына жолдама беріп, Украинадағы осы оқу орнына аттанған бәсеудің бірі болады.

Сөйтіп, осы институтты 1939 жылы «Пайдалы қазбаларды кен орындарынан қазып өндіру» мамандығы бойынша үздік бітіріп шығып, еңбек жолын өзін оқуға жіберген Қарағанды көмір кәсіпорнында жалғастырады. Бұдан әрі ол өзінің мақсаты мен мүддесін көмір өндіру жұмысына арнайды. 1939-1948 жылдар ішінде Қарағанды көмір бассейнінің шахталарында учаске бастығы, бас инженері, шахта бастығы, техникалық бөлімнің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Одан соң Қарағанды өңірі мемлекеттік техникалық қадағалау басқармасының бастығы, «Қарағанды көмір разрездері» тресінің бас инженері болып істейді. Осы кезеңде Әбекең Қарағанды көмір ошағын, Қазақстанның басқа да кен орындарын дамытуға, халық шаруашылығын өркендетуге белсене қатысады. Бұл кезде Қарағанды көмір ошағында қазақ инженерлері сауақпен санарлықтай ғана болатын. Көмір өндіру ісіне білек сыбана араласып, көзге түсіп жүрген А.Шортанбаев, Ф.Серғазин, Ғ.Қосжанов, С.Әлменов сияқты инженерлер қатарына Әбекең де келіп қосылады. Ал, Әбілқас Сағыновтың ғылымға келуі оның 1951-1955 жылдары Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу көмір институты Қарағанды филиалының директоры болуынан басталады. Ол мұнда келген соң бір жылдан кейін филиал дербес институт болып құрылған еді.

Қарағандының көмір өндіретін кәсіпорындарының барлық инженерлік сатыларынан өткен Әбекең ғылыми жұмыстармен айналысу еш қиындық туғызбайды, ғылым мен жоғары білім саласына келген соң ғылыммен айналысу ісін одан әрі жалғастырып, тіпті, тереңдетіп түседі. Ол 1955 жылы жаңадан ашылған, республикада екінші техникалық жоғары оқу орны – Қарағанды тау-кен институтына ректор (ол кезде директор) болып келеді. Іс жүзінде жоқтан бар жасады. Кейіннен Қарағанды политехникалық институты болып құрылған ордалы шаңырақты Әбілқас Сағынұлы 33 жыл үзбей басқарған екен.

Әбекеңнің осы кезде күрделі мәселелерді шеше алатын зерттеушілер ұжымын қалыптастырудағы ірі ұйымдастырушы және ғалым ретінде тамаша таланты анық байқалады. Бұл тағайындау оның ғалым және педагог ретіндегі еңбек қызметінің нағыз жарқын кезеңі еді. Әбілқас Сағыновтың өмірінің жемісті жылдары, оның ғылым мен білімдегі, сан қырлы қоғамдық қызметі осы институтпен тығыз байланысты.

Оқу үрдісін жоғары дәреже-



де ұйымдастыра білуімен қатар Әбілқас Сағынұлы институттың материалдық базасын жасауға да ерекше көңіл бөлді. Қарағанды политехникалық институтының зерттеу, зертханалық, тәжірибелік-конструкторлық қызметтері, оқу ғимараттары мен жатақханалары тек Қазақстанда ғана емес, одақ бойынша таңдаулылар қатарына ілікті. Осындай еңбегі және білікті мамандар даярлаудағы табысы үшін академик Сағыновқа 1971 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Осыдан бір жыл ғана бұрын ол Қазақстан Ғылым академиясының академигі болып сайланған еді. Тек қана орыс тілінде білім беретін, оқу бір ғана тілде жүргізілетін оқу орнында ауылдағы қазақ мектебін бітіріп келгендер үшін Әбекеңнің нұсқауымен емтиханды қазақ тілінде қабылдау мәселесі шешілді. Ректордың және ҚарПТИ-дың барлық ұжымының күш-қуатының арқасында ол КСРО-да жетекші жоғары оқу ордасына айналып, республикада ондаған мың маман даярлап шығаратын ірі бейінді политехникалық институт болған еді. Сондықтан да институттың 1976 жылы Қазақстан жоғары оқу орындары арасында бірінші болып Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталуы лайықты баға болды. Бүкіл Одақ бойынша 870 жоғары оқу орны арасында Қарағанды политехникалық институты социалистік жарыста сан мәрте оза шауып, бәйге алған еді. Ал, 1980 жылы ол

М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен тең түсіп, бірінші орынды бөледі. Институт жанынан кезінде Әбекеңнің бастамашылығымен ұйымдастырылған кен және металлургия мамандықтары бойынша кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын кеңес ашылған еді. Онда 400-ден астам кандидаттық және докторлық диссертация қорғалған болатын. Сол кеңес университет болған соң да жұмысын жалғастыруда.

Әбілқас Сағынұлы – 1967 жылы Мәскеу кен институтында докторлық диссертациясын қорғаған екен. Ол 1962 жылы Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі болса, 1970 жылы академик етіп сайлайды. Өзінің зерттеулерін Әбілқас Сағынов 20 монографиясы мен көптеген оқу құралдарында, кітаптары мен мақалаларында, баяндамалары мен өнертабыстарында жинақтаған екен. Негізгі ғылыми еңбектері көмір қабаттарын қолайлы жүйелермен өндіруге, кен техникасын жетілдіруге, жер асты құрылыстарының беріктігін зерттеуге, шахта алаңдарын аршу және дайындау сұлбаларын жетілдіруге арналған. Оның басшылығымен 11 докторлық және 50-ден астам кандидаттық диссертация қорғалыпты.

Әбілқас Сағынов – пайдалы қазбалар кен орындарын игеруді кешенді механикаландыру және оның технологиясы ғылыми мектебінің

негізін қалаған ғалым. Әбекеңнің басшылығымен және тікелей өзінің қатысуымен Қарағанды көмір бассейнінде алғаш рет көмірді керттіп алу және үш қабатты қазу, күкіртті газы бар қаттарды қазудың технологиясы, массивті физикалық-химиялық бекіту және басқа да кешенді тәжірибелік жұмыстар мен өндірістік сынақтар жасалған.

Кен породадарын механикаландыру жөніндегі жұмыстары үшін 1974 жылы құрамында Әбілқас Сағынов бар бір топ авторлар ұжымы ғылым мен техника саласындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды, ал кен өндіруші және құрылыс өнеркәсібі үшін соққылы әсері бар гидравликалық машиналарды жасағаны үшін 1987 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына авторлар ұжымымен бірге екінші рет ие болды.

Әбекең 1991 жылы Қарағандыда Жер қойнауын кешенді игеру мәселелері институтын (ИПКОН) ашып, оны 2001 жылға дейін басқарды. Институт ғалымдары бұл күнде Орталық Қазақстандағы түсті металл шикізат қорлары мен минералдарын, оларды өндіру және өңдеудің мәселелерімен кешенді түрде айналысып, геологиялық-технологиялық жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізіп келеді. Сонымен қоса ол кісі Қарағанды политехникалық институтының филиалдарын Жезқазған, Көкшетау, Теміртау қалаларында да ашқан болатын. Қазір олар жеке университет болып, жастарға білім береді.

Зейнеткерлікке шыққан соң Әбілқас Сағынұлы Қарағанды политехникалық институты ректорының кеңесшісі, Қазақстан ҒА Жер қойнауын кешенді игеру мәселелері институтының директоры, Қарағанды Бизнес, басқару және құқық университетінің президенті қызметтерін атқарды.

Ол «Қарағанды бассейнінің көмір қабаттарын әзірлеу мәселелері» (1976 ж.), «Өткен белестер» (1995 ж.) кітаптарының авторы. Сол сияқты тең авторлықпен жарық көрген «Көмір өндірудің технологиялық процестері», «Көмір шахталарының технологиялық схемаларын біріктіру», «Пластикалық қарьер конвейерлерінің есебі және жобалау негіздері», «Машинаның соғу органдарының гидроимпульсті жүйесін құрудың теориялық негіздері», «Механикалық бекіткіштерді жетілдіру және дамыту жолдары» еңбектері мен 300-ден астам ғылыми жарияланымның авторы. Мұның ішінде монографиялар, авторлық куәліктер

мен патенттер бар.

Қай жерде қызмет атқармасын Әбекең өте байсалды және байыптылығымен, адамды өзіне баурап тұратын мейірімділігімен елдің есінде қалыпты. Ол онша көп сөйлемейтін. Бірақ айтқанының ойы тереңде, аз сөзге көп мағына сыйғызып сөйлейтін. Өмірде өзі де мақтанбаған және мақтаншақтықты жаны жек көретін адам болды. Біреуге қайырымдылық жасау ол кісінің асыл қасиеті еді. Оған қазақтың біртуар ұлдарының бірі, жазықсыз жапа шегіп, Сібірден оралған Әлімхан Ермековке қамқорлық жасауы сол сөзіміздің айғағы. 1955 жылы Қарағандыға келген Әбекең Қарағанды тау-кен институтының (кейіннен политехникалық институт) ректоры Әбілқас Сағыновқа жолыққанда, еш ойланбастан жоғары математика кафедрасының аға оқытушысы қызметіне қабылдапты. Бұл «халық жаулары» жою науқанының әлі аяқталмаған кезі ғой. Соған қарамастан Әбекең батыл қадамға барған. Өзінің естелігінде Ермековпен қызметтес болғандығын мақтан етеді. Тек қана жоғары аттестациялық комиссияның ережесі өзгеріп кеткендіктен, оның профессорлық ғылыми атағын қалпына келтіре алмағандығына өкініш білдіреді. 1970 жылы Ермеков қайтыс болғанда Әбекең ол кісімен қолтасуды өзі ұйымдастырады. Институтта өткен қаралы митингте өзі кіріспе сөз айттып, оның замандастарына, білетін ағайын-туыстарына сөз береді. Содан көп ұзамай жоғары органдардан Ермековті ұлықтағаны үшін сөз естігенін жазыпты.

Әбекең ғылыммен шұғылдана жүріп, көп салалы қоғамдық жұмыстармен де айналысқан. Ол Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің және жергілікті Кеңестің депутаты болды. Қарағанды облысы ректорлар кеңесіне төрағалық етті.

Әбілқас Сағынұлы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, екі мәрте Ленин орденімен, «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, Тәуелсіз Қазақстанның «Парасат» орденімен марапатталған. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы. Өзі ұзақ жыл басқарған оқу орны қазір академик ағамыздың атымен аталады.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Сурет ҚарТУ
баспасөз қызметінен

Кәсіптік оқыту – ұтқыр шешім

Бүгінгі таңда еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарға сұраныс артып келеді. Осы орайда мемлекет тарапынан азаматтарды жұмыспен қамту мен кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – халық арасында ерекше сұранысқа ие «Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту» жобасы.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Приозерск қаласында да бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Қалалық Мансап орталығының бастамасымен азаматтар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқуға жіберіліп, жаңа кәсіби машықтарға ие болуда. Мансап орталығының директоры Мақпал Акимованың айтуынша, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасы – жұмыссыздық деңгейін төмендетудің және еңбек ресурстарын тиімді пайдаланудың маңызды құралы.

– Қысқа мерзімді кәсіптік оқы-

ту бағдарламасы жұмыс берушілердің нақты сұранысына сай ұйымдастырылады. Бұл азаматтарға қысқа уақытта жаңа мамандық меңгеріп, тұрақты жұмыс табуға мүмкіндік береді. Оқыту тегін жүргізіледі, тыңдаушыларға шәкіртақы төленеді және тәжірибе кезеңінде жұмыс берушілермен байланыс орнатылады, – дейді Мақпал Акимова.

Бағдарлама аясында Приозерск қаласында биыл бірнеше бағыт бойынша оқыту курстары ашылған. Атап айтқанда, слесарь-сантехник мамандығы бойынша – 2 адам, электрмонтер мамандығы бойынша – 6 адам, «Маникюр шебері» мамандығы бойынша – 10 адам оқуға жол-

дамамен жіберілген.

Мамандардың мәлімдеуінше, оқу курстарының ұзақтығы мамандықтың ерекшелігіне қарай 1 айдан 6 айға дейін. Бағдарлама аяқталған соң түлектерге мемлекеттік үлгідегі сертификаттар табысталып, оларды жұмысқа орналастыру мәселесіне де баса назар аударылады. Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Қысқартылған мерзімде жұмысшы кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауға жұмыссыз жүрген жандарға зор мүмкіндік беретін көрінеді.

Биыл Қазақстан Республикасының Президенті 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялаған болатын. Бұл бастама еңбек адамдарының мәртебесін арттыруға және жастарды нақты өндіріс саласына тартуға бағытталған. Мансап орталығы азаматтарды белсенді өмірлік ұстаным танытып, жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға шақырады.

– Қала тұрғындары қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасына қатысу үшін тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығына жүгіне алады. Ал, ауылдық елдімекен тұрғындары өздерінің ауыл, кент әкімдіктеріне өтініш білдіруге мүмкіндігі бар. Бұл – әрбір азаматқа өз болашағын жаңа мамандықпен байланыстырудың нақты жолы, – дейді Мақпал Акимова.

Айта кету керек, мамандардың сараптауынша, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту – тек жаңа білім алу ғана емес, өзіне сенімділік пен тұрақты табысқа бастайтын маңызды қадам болып отыр.

ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген автор

Игі іске жұмылды

Приозерск қаласында жалпы қалалық сенбілік ұйымдастырылып, оған мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар және қала тұрғындары белсене қатысты. Бұл игі шара – тұрғындардың өз қаласына деген сүйіспеншілігін көрсетудің жарқын үлгісі болды.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сенбілік барысында қоғамдық орындар, көшелер мен саябақтар, жаяу жүргіншілер жолдары, аула маңдары және қаланың шет аймақтары коқыстан тазартылды. Нәтижесінде 22 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылып, тазалау жұмыстарына 6 арнайы техника тартылды.

Басты мақсат – қала аумағын коқыстан арылту, санитарлық тазалықты сақтау, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру және туған жерге деген сүйіспеншілікті насихаттау.

– Қала тазалығы – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе. Мамыр-қараша айлары аралығында Балқаш жағалауына арнайы коқыс контейнерлері орнатылып, 3 000 тоннадан астам коқыс

мердігер мекемелер арқылы шығарылды. Қала экологиясын жақсарту мақсатында 300 жаңа ағаш отырғызылып, қураған 300-ден астам ағаш кесілді, 2 500 ағаш әкелді. Сондай-ақ, шөп шабу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Бұл – Приозерск қаласының жасыл желегін көбейтіп, табиғи көркін сақтау бағытындағы жұмыстардың бастауы ғана. Алдағы уақытта бұл жұмыстардың ауқымын кеңейтіп, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бар күшімізді саламыз, – деп атап өтті Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ұлан Алмасұлы.

ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген автор

• ФЕСТИВАЛЬ

Тең мүмкіндіктер алаңы

Қарағандыдағы №19 жалпы білім беретін мектепте «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында «Тең мүмкіндіктер» атты балалардың инклюзивті спорт фестивалі өтті. Ашылу салтанатына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов,«AMANAT» партиясының облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған фестиваль инклюзивті білім беруді дамыту, балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған. Оған Қарағанды, Теміртау, Саран және Шахтинск қаласынан келген жас спортшылар қатысып, өзара сынға түсті. Фестивальдың ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Сіздер спортта ғана емес, өмірде де жеңімпазсыздар. Сіздер – рухтың беріктігінің жарқын үлгісіздер. Қажыр-қайраттарыңыздың арқасында біз маңызды бір ақиқатты түсінеміз. Яғни, мақсатқа ұмтылған, жүрегі кең адам үшін ешқандай кедергі болмайды.

Баршаңызға сәттілік тілеймін, – деді.

Нұркен Сайфиддинұлы өз сөзінде фестивальдың маңыздылығына тоқталып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Сонымен қатар, Бекзат Алтынбеков те сөз алып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Әрі бұл игі іс-шараның «AMANAT» партиясының бастамасымен және жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен ұйымдастырылып отырғанын тілге тиек етті. Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының әйелдер қанатының жетекшісі Зара Шалабаева да сөз алып, балаларға арналған инклюзивті фестивальдың екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырғанын атап өтті.

– Мұндай спорттық шаралар

балаларды жақындастырып, достық қарым-қатынас орнатады. Кездесулер арқылы олар жаңа достар тауып, өзара қарым-қатынас нығайтады. Бұл фестиваль алдағы уақытта дәстүрлі түрде өткізіліп отыратын болады. Келешекте облыстық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылады. Сол кезде өз мүмкіндіктерінді көрсетіп, жаңа жетістіктерге жетесіндер деген сенімдемін, – деді Нұркен Кобжанов.

Жарысқа қатысушылар бочча ойынын ойнап, жеңіл атлетикадан сынға түсті. Солардың қатарында Ғ.Мұстафин атындағы мектептің оқушысы 11 жастағы Михаил Мантров бочча спортынан өнер көрсетті. Өзі осы спорт түрінен бірнеше мәрте жүлдегер атанған. Өзі осы фестивальдан да жүлдесіз қайтпады.

– Бұл – менің үшінші турнирім. Фестивальдан алтын еншілеп, Астанада өтетін республикалық турнирге жолдама алғым келеді. Сол үшін дайындығымды күшейтіп, үлкен мақсатпен келдім. Өз басым кішкентайымнан спорттың осы түрімен шұғылданып келемін. Кейінірек жүзу спортына да бардым. Бірақ, жаныма жақыны бочча болды. Осы уақыт ішінде көп достар таптым. Әрі керемет эмоцияға толы сәттерді басымнан өткердім. Келешекте білікті бағдарламашы болғым келеді, – деді жарысқа қатысушы.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ТАҒЫМ

Арқа аспанын ән кернеп...

Ән әлемінде әуелеген әуезді ырғағымен, ел жүрегінде елжіреген үнімен сақталған маркасқа әнші Мейірхан Адамбековсіз де жалғанның бес жылы өте шығыпты. Ол қос ғасыр ініінде Арқа ән мектебінің туын көтеріп, сонау Ақан сері, Біржан сал, үкілі Ыбырайлардың, Мәдилерден мирас боп қалған төл жәдігерімізді бүгінге сәнін бұзбай, сырын кетірмей жеткізген өнерпаз тұлға еді. Күні кеше жезтаңдай әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейірхан Адамбековті еске алуға арналған «Сағындым ғой» атты ән әуелеген сазды кеш өтті.



Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Мейірхан туған топырақтан шығып, үнін жалғаған ізбасар бауыры, белгілі әнші Сержан Мұсайын Мәдідің «Қарқаралы-сын» әуелетіп кештің шымылдығын ашса, республикалық конкурстардың лауреаты Құрмаш Ыбышев Қасым Аманжоловтың сөзіне жазылған Әбілахан Еспаевтың «Ақ сәуле» әнін күй-кылжыта шырқады.

Ән әлемінде орнын ойып тұрып алған Мейірхан Сәйдіұлының бейнесі замандаас алдыңғы буын аға-әпкелердің жүрегінде өзіндік болмысымен сақталса, бүгінгі тыңдарман мен көрерменнің жадында Серік

Ақсұңқарұлының «Шайтанкөл» әнімен сақталары хақ. «Ат тұяғын тай басар», демекші әкеден ұлға ұласқан төл өнерді төрге оздырып Алданыш Мейірханұлы «Шайтанкөл» әнін шырқады.

Осынау ән кешіне арнайылап Жетісу ән мектебінің белді өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісов келіп, Арқа көгінде Өсет Найманбайұлының «Кіші Ардақ» әнін шырқады. Ал, батыс ән мектебінің өкілі, Мәдениет саласының үздігі Ырысты Сүлейменова болса, халық әні «Ақсұңқарды» әуелетті.

Бүгінде Мейірхан ағамыздың шәкірттері ел жүрегіне әуезді әнімен лүпіл-ырғақ қосып келеді. Әрі қарай Сахнаға Мейірхан ағамыздың алдынан дәріс алып, ән баптаған бір

толқын шәкірттері Гүлмира Тапай, Медет Осатай, Нұрелан Сейдалин, Азамат Амантай, Айбек Рымғалилар шығып, әншінің бай репертуарындағы өзгеше сырлы әндерді шырқап халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Мейірхан Адамбековтің бастамасымен қолға алынған Мәди Бәпиұлы атындағы республикалық ән байқауы биыл дәстүрлі түрде алтыншы рет өткізілмекші. Оның салған әні, самғаған үні соңында қалған елінің, шәкірттері мен ізбасарларының, қалың жұртшылықтың есінде мәңгі қалмақ! Ән барда, қазақ барда Мейірхан әні де ғасырларға ұласып, жасай бермек...

Сурет ұйымдастырушылардан

• КЕШ

Қарашадағы мақпал леп

Қарағанды қалалық әкімдігінің қолдауымен кеншілер шаһарында жыл сайын «Қарашада өмір тұр...» атты әдеби-сазды кеш өтеді. Бұл кешті рухани азыққа ашыққан жұрт асыға күтеді. Қарағандының төл брендіне айналып келе жатыр десек, артық айтқанымыз емес. Арқа топырағындағы талантты ақындардың өлеңдері оқылып, қанатын жайып келе жатқан жас шайырлар мен өнерпаз өрендердің жарқырайтын сахнасы осы бүгінде. Биылғы кеш өңірдегі руханияттың орталығына һәм қарашанырағына айналған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде ұйымдастырылды. Залға жастықтың жайлауында еркелеген, жүректеріне нәзік сезімнің сәулесі түскен студенттер лық толды. Сахнада алтын күз жарқырады.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл кеш бұрынғы кештен өзгерек. Кештің құрылымын толықтай белгілі театр актері, режиссері Дунай Еспаев құрды. Ол Қарағандының мәдени һәм әдеби өмірін, тынысын барынша қамтуды, сол арқылы қастерлі топырақта туған таланттардың әлеуетін көрсетуді мақтан тұтқанын айтады. Жас өрендердің жұлдызын жағу да негізгі мақсаттардың бірі екенін атап өтті.

– Арқада талантты жастар өте көп. Шығарманы тудырушылар да, соларды жоғары деңгейде орындаушылар да баршылық. «Қарашада өмір тұр...» атты әдеби-сазды кеші сол дарын иелерін көпшілікке, соның ішінде, жастарға танытуда айрықша рөл атқарып тұр. Осы кештің арқасында талант иелері бір мақсат-мүдде жолында бірлесіп жұмыс атқарады. Бір-бірімен тәжірибе алмасады. Ең бастысы, жаңа шығармашылық ізденістерге, идеяларға себеп болмақ. «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» дегендей, толқындар арасында байланыс орнайды. Келешекте осы сахнаға шыққан жастар ұлттық мәдениетін сақтайтын, жаңғыртатын тұлғаларға айналатынына сенімдімін. Аға толқынның міндеті – соған жағдай жасау. Қарағандыда ұлттық мәдениеттің жалауын қулатпайтын, алауын өшірмейтін тегеурінді толқын өсіп келеді, – деді Дунай Еспаев.



Кешті «Tattimbend» ансамблінің өнерпаздары жанды музыкамен сүйемеледі. Поэзия көпші ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлының «Өмір деген – Күнді айналуды» атты өлеңімен басталды. Содан кейін бір кезеңде Серік Ақсұңқарұлының абаданары атанып, қалың оқырман мен қаламгерлер қауымын Арқаға жалт қаратқан тегеурінді толқын өкілдерінің туындыларын «Дат» театрының актерлері оқыды. Бағдат Мұбарақтың, Руслан Нұрбайдың, Серік Сағынтайдың жырлары. Осы толқыннан кейін келген Ерқанат Кеңесбекұлы, Салтанат Смағұлтегі, Сұлтан Дәулетхан өз өлеңдерімен

кештің тақырыбын ашты. Қуаныш Медеубаевтың, Айбек Байтөренің, Жәлел Шалқардың, Ерболат Қуатбектің өлеңдерін театр актерлері жеткізді. Күз тақырыбындағы классикалық әндер жаңа нақышта шырқалды.

Кеш басталғаннан ақындар мен актерлер сахнадан кеткен жоқ. Өлеңдердің арасы әнмен жалғасып жатты. «Дат» театрының құрамындағы ең жас актер – Токтар Кәрібай. Өнерге деген құштарлығы ерте оянған, жанының қалауын ерте таныған мектеп оқушысы Ерболат Қуатбектің өлеңін оқыды. Қарағандының ең айтулы әдеби-сазды кешіндегі көрермен көзайымы бол-

ды. Мұндай деңгейдегі әдеби-сазды кештерде мектеп оқушысы түгілі кәсіби актерлер де қобалжиды. Толқыннанан йдағыдай өнер көрсете алмай қалған жағдайлар да болады. Бірақ, бұл кеште Токтар Кәрібайдың талантын, ішкі қуатын, әлеуетін сезгендей болдық. Бозбала еңсесін тіктеп, талғамы биік, шынайы өнерді танитын көрерменнің алдында тайсалған жок.

Әдеби-сазды кеш белгілі әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Гүлнәр Дәукенованың музбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңіне жазылған «Күрең күз» әнімен түйінделді. Сахнадағы ақындар мен актерлер хат жазылған қағаз ұшақтарын көрерменге қарай ұшырды. Өнер сүйер қауымға құрмет көрсетіп, гүл күлтісінен шашу шашты.

Қарағандыдағы таланттардың басын қосып, әдеби өмірдің тамырына қан жүгіртіп жүрген ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Жанат Жаңқашұлы мен елімізге белгілі марафоншы, білікті ұйымдастырушы Асхат Қажытай. Жанат Жаңқашұлы мұндай әдеби-сазды кештердің атқаратын миссиясы орасан екенін атап өтті.


– Жыл сайын дәстүрлі түрде осындай әдеби-сазды кеш өткізетін өңір жоқ. Басқа қаладағы, аймақтағы жұртқа Қарағанды десе, олардың есіне бірден «Қарашада өмір тұр...» атты кешіміз түсетін деңгейге жетті деп ойлаймын. Осы тұста Қарағанды қалалық әкімдігінің қолдауына ерекше алғыс айтықмыз келеді! Таланттар шоғырын қалыптастырып, ұлттық руханиятқа қызмет ететін буынға жөн нұсқау – тікелей міндетіміз, – деді Жанат Жаңқашұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• СПОРТТЫҚ АКРОБАТИКА

Ел қоржынына – 10 медаль

Үндістанның Гоа қаласында спорттық акробатикадан Азия чемпионаты өткен болатын. Оған 300-ге жуық спортшы қатысып, өзара кіл мықтыны анықтады. Ел атынан қатысқан спортшылар үздік нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте 10рын иеленді. Бұл қатарда ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар ел қоржынына 10 жүлде салды. Оның жетеуі – алтын, үшеуі – қола медаль.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Даниэль Диль мен Вадим Шуляр жұбы ерлер арасында өткен жұптық сайыстың ба-ланстық жаттығуда І орыннан көрінді. Ал, Яна Высоцкая мен Екатерина Трофимованың жұбы әйелдер арасындағы бәсекеде ба-ланстық және теміттік жаттығу мен көпсайыс бойынша сынға түсіп, үш бірдей алтын медальді жеңіп алды. Ал, аралас жұптық бәсекеде Диас Жәніс пен Дилара Байбақұшева да үш алтын медаль еншілеп қайтты.

– Біздің шәкірттеріміз тағы да Азия құрлығының үздіктері екенін дәлелдеді. Шәкірттеріміз ел қоржынына жеті бірдей алтын салды. Сонымен қатар, аралас дуэтте Илларион Мацымоха мен

Диана Высоцкая баланстық және теміттік жаттығу мен көпсайыста жүлдегерлер санатына еніп, үш бірдей қола медальға қол жеткізді. Қарағандылық акробаттарды алда жаңа сын күтіп тұр. Қараша айының соңында Қазақстан кубогы өтеді. Біз енді сол додаға дайында-ламыз, – деді гимнастика бойынша мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің мамандары.

Айта кетейік, мұндай жетістікте бапкерлердің ерен еңбегі жатыр. Бұл қатарда Ботагөз Байбақұшева, Ирина Загриченко, Ирина Балагутина, Сергей Вертянкин және Светлана Лепшеева сынды білікті мамандар тұр. Мұндай мамандардың еңбегінің нәтижесінде әлі де талай чемпион шығады деген сенім мол!

Суретті түсірген автор

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 495 №122 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН
--